



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы: «Құтмекен ШҚ» Тұзданған топырақтардың құнарлылығын және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:


«30» қараша 2023 жыл

Онлайн түрде

Кеңес беру өткізілген орны:


Түркістан облысы, Шардара ауданы,
Ақалтын ауылы, «Құтмекен» ШҚ

Эксперт:


(қолы)

Әсімжанов Н.С

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы


қолы, М.О. Р.Х. Рамазанова



Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Тұзданған топырақтарда өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін және құнарлығын жоғарылату. Әртүрлі деңгейде тұзданған топырақтардың және дақылдардың өнімділігіне биопрепараттың әсері.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Топырақтың тұздануы топырақтың құнарлылығымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін де төмендетеді. Бұл экономикалық жағынан кері әсер етеді.

Өнімділікті арттыру үшін бүгінгі таңда жаңа технологиялар әзірленген. Дәнді себу алдында және жүгері өскіндері жер бетіне өсіп шыққан соң жаңа технология бойынша жүргізілетін шаралар жасалады. Жаңа технология бойынша дәстүрлі технологияға екі жұмыс түрі қосылады. Біріншісі жүгері тұқымын себер алдында арнайы препарат ертіндісімен өңдеу, ал екіншісі жүгері өскіндерін 3-5 және 6-7 жапырақ фазалары кезінде үстінен препаратпен бүрку арқылы өңдеу.

Біріншісі жүгері тұқымының далалық жағдайда тезірек өсіп шығуына және жас өскіндер тамырының қарқынды өсуіне жақсы әсер етеді, ал тамыры жақсы өскен өсімдіктер жоғары өнім беретіндігі табиғат заңдылығы болып табылады.

Екіншісі, институт ғалымдарының өнертабысы, яғни БиоЭкоГум препараты, өсімдіктердің өсуін физиологиялық белсенді препаратпен бүрку арқылы жоғарылату, яғни фотосинтез (органикалық зат түзілу) процессінің қарқынын жоғарылату. Технология арқылы тұзданған топырақтардың құнарлылығын арттырумен бірге ауылшаруашылық дақылдары өнімділігін 20-40 пайызға дейін көтеруге мүмкіндік береді.

3) өнім өндірісінің ұлғаюының/өнімділіктің жоғарылауының/өзіндік құнның төмендеуінің және т. б. сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Ғылыми мәліметтерге сүйенетін болсақ, биомелиранттардың топырақ құнарлылығына және де жүгері дақылының өнімділігін арттырудың тиімділігі анықталған.

Технология арқылы тұзданған топырақтардың құнарлылығын арттырумен бірге ауылшаруашылық дақылдары өнімділігін 20-40 пайызға дейін көтеруге мүмкіндік береді. Биопрепаратпен тұқымдарды өңдеу және өсімдікті вегетациялық кезеңде бүрку әдісі биопрепараттың әсерінен 110 ц/га өнімділікке қол жеткізуге. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту және жер-су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында:

- ауыспалы егіс тәртібін сақтап, минералды тыңайтқыштарды тиісті ұсынылған көлемде қолдану, сондай-ақ агротехникалық шараларды және мелиоративтік жақсарту жұмыстарын толық, дер кезінде орындау қажет;

4) Кеңес беруден фотосуреттер (Онлайн ватсап желісі арқылы)

